

КЕЛІСІМ ШАРТ №1

Тұрмағамбет ауылы

05 қаңтар 2018 жыл.

Біздер, төменде қол қоюшылар бір жағынан жеке кәсіпкер «Есдаулетов Каршыға» бұдан әрі - «Жабдықтаушы» деп аталады, екінші жағынан Дауылкөл ауылдық округі әкімінің аппараты КММ атынан ауылдық округінің әкімі Б.М.Байбарақов «Ереже» негізінде әрекет етуші- «Тапсырыс беруші» деп аталады ҚР Мемлекеттік сатып алу Заңының «Тауар биржалары арқылы өткізілетін тауарларды сатып алу заңына» сәйкес, жасаймыз осы келісім шартты:

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі – 124 – Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты.

Бюджеттік бағдарлама атауы – 001- аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер.

Кіші бағдарламаның атауы -000

Ерекшелік – 144 – Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу.

1. Келісім шарттың мәні.

1.1 «Жабдықтаушы» алдын-ала тапсырыс бойынша «Тапсырыс берушіні» тас көмірмен уақытылы қамтамасыз етеді. Келісім шарттың жалпы құны 166000 (бір жүз алпыс алты мың) теңге 00 тиын. Оның ішінде 124001000144 ерекшелік бойынша қыркүйек айына 166000 теңге 00 тиын қаралған, міндеттемелер мен төлемдер қаржыландыру жоспарына сәйкес.

1.2. Жабдықтаушы ҚҚС төлеуші болып табылмайды.

№	Атауы	өлшемі	саны	Бағасы (ҚҚС-сыз)	Жалпы бағасы
1	Тас көмір	тонна	14,0	10586,73	166000-00
	Барлығы				166000-00

2. Тараптардың міндеттері.

2.1. «Жабдықтаушы» келісім шартқа қол қойғаннан кейін сұранысқа сәйкес «Тапсырыс берушіні» уақытылы көмірмен қамтамасыз етуді міндетіне алады.

2.2 Төлемдер мен есептемелерді жүзеге асыру тәртібі және тәсілдері аудару арқылы жүзеге асырылады.

2.3. Келісім шарт бойынша міндеттемені орындау орны Жосалы қыстағы. Төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары бюджеттік бағдарлама паспортына сәйкес.

2.4. 2018- жылдың бюджеттік бағдарламасындағы келісім шарттың жалпы сомасы 166000 теңге 00 тиын, міндеттемелер мен төлемдер бойынша қыркүйек айына 166000-00 (бір жүз алпыс алты мың) теңге 00 тиын қаралған. Төлемдер мен міндеттемелер қаржылық жоспарға сәйкес.

2.5. «Жабдықтаушы» жеке кәсіпкер «Есдаулетов Каршыға» «Тапсырыс берушінің» сұранысы түскеннен кейін 3 күн мерзімде толық көлемде көмірмен уақытылы қамтамасыз етеді.

2.6. Сатып алынатын көмірдің көлемі 14,0 тонна.

2.7 «Тапсырыс беруші», яғни Дауылкөл ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі алынған көмірдің көлеміне қарай «Жабдықтаушының» есеп шотына тиісті қаржыны бір ай көлемінде аударуды міндетіне алады.

2.8. Келісім шарттың ережесін орындауға Дауылкөл ауылдық округінің әкімі Б.М.Байбарақов және жеке кәсіпкер «Есдаулетов Каршыға» жауапты.

2.9 . Шарт күшіне енген кезден бастап кемінде күнтізбелік 15 (Он бес) күн мерзімде қызметтерді көрсетуі (жұмыстарды орындауы, тауарларды жеткізуі) тиіс.

3. Қосымша шарттар.

3.1 Қатты отынның сатылу бағасы төмендеген немесе көтерілген жағдайда екі жақты қол қойылған келісім шартқа заңдылыққа байланысты өзгерістер енгізілмейді.

3.2. Осы келісім шарт аудандық Қазынашылық басқармасынан тіркеуден өткен соң күшіне енеді және екі жаққа міндетті акцепттік нұсқау болып табылады.

4. Келісім шарттың күшіне ену уақыты

4.1 Осы келісім шарт тараптар қол қойған күннен бастап 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейін күшінде.

4.2 Өзгерістер мен қосымшалар жазбаша түрде енгізіледі, екі данадан жазылады және екі жерде сақталады.

5. Талас мәселелерді шешу.

5.1. Осы келісім-шарт Қазақстан Республикасының Заңдарымен реттеледі. Осы келісім-шарт бойынша туындаған талас мәселелер сот органдары арқылы шешіледі.

5.2. Форс-мажорлық шарттарды қоспағанда, егер Жабдықтаушы шартта айтылған мерзімде жұмысты орындамаса немесе тиісті түрде орындамаса Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде өзінің басқа құқықтарына зиянсыз орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған міндеттеменің сомасынан әр бір мерзімі өткен күнге 0,1 пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын есептеп шығарып отырады.

6. Тараптардың заңды мекен жайлары.

«Жабдықтаушы»

ЖК «Есдаулетов Қаршыға»
Жосалы кенті
ЖСН480101313772
ЖСК KZ4666010331000004443
БИК HSBKZKX
АҚ «Қазақстан Халық Банкі»

Басшы:  Ж.Есдаулетов



Тапсырыс беруші

«Дауылкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ
Тұрмағамбет ауылы, Еш尼亚з сал к-сі №57
БСН 960540000551
БСК ККМFKZ2A
ЖСК KZ05070106KSN3304050
Қазынашылық комитеті, Астана қаласы
Дауылкөл ауылдық округі әкімі
Б.М.Байбарақов

